

Ахметов Т.Ә.
**Адам капиталының сапасын
арттыру мәселелері**

Мақалада адами капиталдың бүгінгі күні қоғамда алатын орны, әлеуметтік маңызы, олардың сапасын арттырудағы көкейкесті мәселелер қарастырылады. 12 жылдық білім беруге көшу – адам капиталының сапасын арттырудың бірден-бір жолы. Жас ұрпаққа білім беруде, оларды болашақ еліміздің тұтқасы етіп тәрбиелеу – әр ұстаздың міндеті. Осы міндеттерді орындау мақсатында білім беру саласында да елеулі әрі ауқымды өзгерістер өрістеуде.

Қазақстанның білім беру жүйесінің даму деңгейіне теріс әсер ететін факторлар да кездеседі: мектептің білім беруде диагностикалық мақсат қою жетіспейді; тұлғаның дамуына емес ресми нәтижеге бағытталуда; ынталандырушы қасиеттен ада, объективтілікті қамтамасыз етпейтін, осыған орай күйзелістік жағдаятқа әкеп соғатын оқу жетістіктерін бағалаудың ескі жүйесі сақталуда; жоғары буын жеткіншектерінің бойында тұлғалық, азаматтық және адамгершілік қасиеттерінің жеткіліксіз дамуы, өзін-өзі анықтау мотивтерінің болмауы, өзіндік қызығушылықтарын саналы түрде сезіну деңгейінің төмендігі.

Түйін сөздер: адами капитал, 12 жылдық білім беру, ұлттық қасиеттер, отандық және әлемдік мәдениет.

Ahmetov T.
**Improve the quality of human
capital**

In the article the role of human capital in today's society, social values, and the quality of their rattirwdagi topical issues. The transition to 12-year education is the only way to improve the quality of human capital. The transition to 12-year education is the only way to improve the quality of human capital. After all, the 12-year education system, there has been a significant change in society and the development of relations between the people of the formation of the new entity is the demand of time. Education of young generation, education and the future of the country to handle the task of every teacher. In order to achieve these objectives, a significant and large-scale changes in the development of the field of education.

Became a teacher at the school, their knowledge and skills, intelligence or good, sensible and calm people directly related to the improvement of instruction as a school teacher. There the teacher saying so heavy a load of confidence, but also should not forget that his talented son. However, dedicated, receive news and tolerance, national asildarin personality to enhance disciples near the station master is the only person worthy of today.

Key words: human capital, the 12-year education, national, local and global culture.

Ахметов Т.А.
**Проблемы развития качества
человеческого капитала**

В статье рассматриваются современная роль человеческого капитала в обществе, социальная значимость, актуальные проблемы развития качества человеческого капитала. Переход на 12-летнее образование – один из путей развития качества человеческого капитала.

Преодоление традиционного репродуктивного стиля обучения и переход к новой развивающей, конструктивной модели образования, обеспечивающей познавательную активность и самостоятельность мышления школьников, является одним из стратегических направлений мирового образования.

Факторами, негативно влияющими на уровень развития системы образования Казахстана, остаются: отсутствие в школьном образовании диагностики целеполагания; ориентация на получение формальных результатов, а не на развитие личности; сохранение устаревшей системы оценивания учебных достижений, которая не носит стимулирующий характер, не обеспечивает объективность и приводит к стрессовым ситуациям; недостаточное развитие у подростков личностных, гражданских и нравственных качеств, отсутствие зрелых мотивов самоопределения, низкий уровень осознания собственных интересов и перспектив.

Ключевые слова: человеческий капитал, 12-летнее образование, национальные качества, отечественный и мировой опыт.

АДАМ КАПИТАЛЫНЫҢ САПАСЫН АРТТЫРУ МӘСЕЛелЕРІ

Кіріспе

XXI ғасырда әлемдік өркениет төрінен орын алуы үшін, Қазақстанның жан-жақты дамуының бірден-бір жолы ғылымды әр қырынан меңгеру қажет болып отырғаны белгілі. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «100 нақты қадам» – бұл ЖАҒАНДЫҚ ЖӘНЕ ІШКІ СЫН-ҚАТЕРЛЕРГЕ ЖАУАП және сонымен бір мезгілде, жаңа тарихи жағдайларда ұлттың дамыған мемлекеттердің отыздығына енуі жөніндегі жоспарында» 76-қадам ретінде ЭЫДҰ елдері стандарттарының негізінде адам капиталының сапасын көтеру, 12 жылдық білім беруді кезең-кезеңімен енгізу, функциялық сауаттылықты дамыту үшін мектептегі оқыту стандарттарын жаңарту. Жоғары сыныптарда жанбасылық қаржыландыруды енгізу, табысты мектептерді ынталандыру жүйесін құру делінген [1]. Мұның өзі бүгінгі күні 12 жылдық білім беруді жүзеге асыру, ой-өрісі жаңашыл, шығармашылық деңгейде қызмет ете алатын, дүниетанымы жоғары, білімдік бәсекеге қабілетті жан-жақты қалыптасқан жеке тұлға тәрбиелеу мәселелерімен тікелей байланысты.

Яғни, 12 жылдық білім беру жүйесінің негізгі мақсаты – күздіретті оқушы дайындап шығару үшін, ең алдымен, мектепке шығармашылық қабілеті дамыған, жаңа педагогикалық технологияларды жете меңгерген, мамандық шеберлігі қалыптасқан мұғалім даярлау қажет. Бір уақытта педагог, психолог және оқу процесін ұйымдастырушы технолог бола білу керек. Сонымен қатар, оқушының шектеусіз қабілетін дамыта алатындай білім берудің кеңістігін құруға қабілетті бола білуі шарт. Бұдан мұғалімнің мамандық шеберлігі анықталады.

Қазіргі таңдағы білім беру салаларында бұрынғы біліммен салыстырғанда көп айырмашылық бар. Бүгінгі білім саласында ақпараттық-коммуникативтік құралдар, техникалық құралдар, аудио-визуалды құралдарды кеңінен пайдаланып, оқушының тек кітаптан оқып, құлақпен естіп қана қоймай, оны іс жүзінде көруге де көп мүмкіндігі бар. Сондықтан да мұғалім өзінің шеберлігінің, ізденімпаздығының арқасында ең жоғары деген нәтижеге жетуге күздіретті.

Қазақстандағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы жобасында: «Қазақстанда

оқытындарды сапалы біліммен қамтамасыз етіп, халықаралық рейтингтердегі білім көрсеткішінің жақсаруы мен қазақстандық білім беру жүйесінің тартымдылығын арттыру үшін, ең алдымен, педагог кадрлардың мәртебесін арттыру, олардың бүкіл қызметі бойына мансаптық өсуі, оқытылуы және кәсіби біліктілігін дамытуды қамтамасыз ету, сондай-ақ педагогтердің еңбегін мемлекеттік қолдау мен ынталандыруды арттыру» мәселелеріне үлкен мән берілген [2]. Осыған байланысты қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі реформалар мен сындарлы саясаттар, өзгерістер мен жаңалықтар әрбір болашақ өнер маманның ойлауына, өткені мен бүгіні, келешегі мен болашағы жайлы толғануына, жаңа идеялармен, жаңа жүйелермен жұмыс жасауына негіз болары анық. Білімнің сапалы да саналы түрде берілуі білім беру жүйесіндегі педагогтердың, зиялылар қауымының деңгейіне байланысты.

12 жылдық білім берудің теориясы мен практикасы

Дәстүрлі білім беру жүйесінде білікті мамандар даярлаушы кәсіби білім беретін оқу орындарының басты мақсаты – мамандықтарды игерту ғана болса, білім беру жүйесінде мамандарының құзыреттілігін қалыптастыру нәтижесіне бағдарланған білім беру жүйесін ұсыну қазіргі таңда негізгі өзекті мәселелердің бірі.

Н.Н. Нұрахметовтың жетекшілігімен орындалған ғылыми-зерттеу жұмысының аралық есебінде 12 жылдық мектептің үш сатысына арналған құзыреттілік білім беруге негізделген оқулық мәселесін қарастырып, құрылымдық-мазмұндық ерекшеліктерін бейнелейтін ғылыми-дидактикалық тұғырлары мен қағидалары жасалған [3].

Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі – маңызды мәселелердің бірі. Білім мазмұнының жаңаруы, оқыту үрдісіне инновациялық технологиялардың енуі 12 жылдық мектеп мамандарының кәсіби біліктілігі деңгейіне қойылатын талаптардан айқындалады. Осындай талаптарды іске асыру мақсатында мынадай міндеттер қойып отыр:

– білім беруді бейіндендіру, полимәдениеттендіру және ақпараттандыру, білім беру мазмұнын жаңарту;

– инновациялық технологияларды тарату және іске асыру;

– білім беру үрдісіндегі диагностика және

мониторингті, эксперименталды және ғылыми-педагогикалық қызметтерді үйлестіру;

– оқушылардың шығармашылығын арттыру, сыни ойлай алатын, бәсекеге қабілетті және құзыретті тұлға қалыптастыру [4].

12 жылдық мектеп оқушыларының сыни ойлауға жету біліктілігін тұрақтандыру үшін «сыни тұрғыдан ойлауды қалыптастыру» жобасымен таныстырдық. **Сыни тұрғыдан ойлау** – саналы мағынаны іздеу: өзінің көзқарасының болуымен, басқалардың да пікірін ескеріп, қандай да объективті ойлау және қисыны бар өзіндік қате сенімінен бас тарта білу [5, 112 б.]. Сыни тұрғыдан ойлаудың жаңа идеяларды ұсынуға және жаңа мүмкіндіктерді көруге қабілетті, мәселелерді шешу кезінде маңызы зор.

Оқушыларда сыни тұрғыдан ойлау біліктілігі болу үшін төмендегідей сұрақтарға жауап іздейді:

Мен не білемін?

Мен жаңаша нені білдім?

Менің білімім қалай өзгерді?

Мен осы біліммен не істей аламын?

XX ғасырда білім берудің мақсаттары мен міндеттері өзгереді, өйткені келешекте мәліметтердің жинақталуы жүктеменің оқушылардың шамасынан тыс болуына әкеледі және оқытушының міндеті білімді көбейту емес, осы білімдерін өз бетімен алуға мүмкіндік беретіндей құралмен қамтамасыз ету болмақ.

Сындарлы ойлай алатын оқушы тұлғасын қалыптастыру жолдары

«Сыни тұрғыдан ойлауды қалыптастыру» жобасы бойынша үш кезеңнен тұратын модульдік сабақты пайдалануға болады: шақыру; іске асыру (ұғыну, мәнін түсіну); рефлексия (сананың өзіне, өзінің психикалық күйіне назар аударуы).

«Сыни тұрғыдан ойлауды қалыптастыру» жобасы бойынша мақсаттары мен стратегиялары туралы мәліметтерін төмендегі кестеде көрсеттік (1-кесте).

Кестеде көрсетілген жүйемен жұмыс істеу арқылы 12 жылдық мектеп оқушыларының сыни ойлау біліктіліктері артады.

12 жылдық мектеп оқушыларының пән бойынша тапсырмалардың қолдану аймағына талдау жасауға үлкен орын берілуде және оны оқу үрдісінің түрлі бөлімдерінде қолданудың әдістемесі де жетілдірілуде. Зерттеу жүргізуге педагогикалық жетекшілік ету мен оқушылардың өз бетінше қызметінің қатынасы туралы мәселе қойылып отыр.

1-кесте – «Сыни тұрғыдан ойлау» технологиясы бойынша мақсаттары мен тәсілдерінің мәліметтер

Кезеңдер	Шақыру	Іске асыру	Рефлексия
Мақсаты	<ul style="list-style-type: none"> - Оқушының өткен білімі мен тәжірибесін өзектендіру. - Оқушылардың іс-әрекетін белсенді ету. - Оқу іс-әрекетінде жекелей мақсаттар қою. 	<ul style="list-style-type: none"> - Оқушының жаңа білімді игеруі. - Белгілінің жаңамен арақатынасын білу, түсінігін қалыптастыру және білімдерін жүйелеу. - Жұмыс тәсілін ақпаратпен үйрену. - Шақыру кезеңіне қойылған мақсаттарын қолдау. 	<ul style="list-style-type: none"> - Жаңа білімді беру. - Пән туралы бүтіндей көрініс жасау. - Мәселе өрісін кеңейту, оқу іс-әрекетінде жаңа мақсаттарды қою. - Оқып үйренушінің пәндегі дамуын бағалау және өзін-өзі бағалау бойынша жұмысы.
Стратегиялары	<ul style="list-style-type: none"> - «Миға шабуыл» - Болжам (сурет, портреті бойынша). - Қажетті сөздер бойынша болжам. - Альтернативті тест (дұрыс немесе дұрыс емес пікірлер). - Сұрақтар, мәтіннен тауып жауап беруге болатын жауаптар тұжырымы. - Кластер. - Кесте «Б–Б–Б». 	<ul style="list-style-type: none"> - «Insert» әдісі бойынша белгілеумен мәтінді оқу. - Астын сызу арқылы қажетті сөздерді көрсету. 	<ul style="list-style-type: none"> - Insert таңбалау кестесі - Шығармашылық жұмыс – синквейн - Қажетті сөздерге, дұрыс және дұрыс емес пайымдауға қайта оралу. - Досына хат жазу, күнделік жүргізу. - Қажетті сөздерден кластерді бітіру. - Шатысқан қисынды тізбектер
Нәтиже	<ul style="list-style-type: none"> - Маңызды тәжірибе. - Белсендірілген білім. - Қалыптасқан уәж (негіздеме). 	<ul style="list-style-type: none"> - Жүйелі білім. - Шақыру кезеңіндегі баяндалған мақсаттарын нығайту. 	<ul style="list-style-type: none"> - Берілген білім. - Пән бойынша қалыптасқан бүтіндей көрініс. - Келешекте қызмет бабында көтерілуіне қойылатын мәселелер.

Қорытынды

Қазіргі кезде ғалымдар өз бетінше оқу жұмысын кеңінен қолданбайынша оқушыларды терең, берік игерілген білімдер мен дағдыларды қалыптастыру мүмкін емес екендігін мақұлдап отыр.

Сөйтіп оқыту үрдісінде 12 жылдық мектеп оқушыларының пәнге деген қызығушылықтарын ұйымдастыру және оқушылардың сындарлы ойлау әрекетін ұйымдастыру мынандай жағдайларда орын алады:

1) оқушылардың оқу-зерттеу жұмысын жүргізуіне жетекшілік етуге мұғалім дайын болса;

2) оқушылардың өз бетінше әрекеттеулеріне икемділігі болса;

3) оқу тапсырмаларының бағалау элементі туралы анық жүйесі бар болса.

12 жылдық мектеп оқушылары оқу үрдісінде тек қана білім деңгейін игеріп қана қоймай сындарлы ойлау жұмыстарын жүргізудің әдістерімен танысуын, оқып үйрену мақсатында пәнге деген қызығушылық әрекетті арттыруға негіз болатын оқытудың арнайы моделін, оның өлшемдері мен көрсеткіштерін, әдістемелік жүйесін жасау қажет деген қорытындыға келдік.

Әдебиеттер

- 1 Назарбаев Н.Ә. Ұлт жоспары – 100 нақты қадам // Қазақ газеттері. – 20 мамыр. – 2015.
- 2 Қазақстандағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы / <http://www.pdfspot.com/ebook>

- 3 Разработать научно-дидактические подходы и положения, отражающие структурно-содержательные особенности учебников, ориентированных на компетентностное обучение для трех ступеней 12-летней школы // Отчет о НИР (промежут.). – 148 с.
- 4 Архабайқызы Ж. 12 жылдық білім беру жүйесіне көшу – заман талабы // <http://bilimdiler.kz/ustaz>
- 5 Бұлақбаева М.К. Дарындылық: әлеуметтік маңызы мен диагностикасы: монография. – Алматы, 2015.

References

- 1 Nazarbaev N.A.. Ult zhosparı – 100 nakty kadam // Kazak gazetteri. – 20 мамыр. – 2015.
- 2 State program of education development of the Republic of Kazakhstan for 2011-2020. - Almaty, 2010. // <http://www.pdf-spot.com/ebook>
- 3 To develop scientific and didactic approaches and provisions that reflect structural features of textbooks, competency-oriented training for three grades of 12 years school // A Research Report. – 148 p.
- 4 Arkhabaykyzy Zh. Transition to 12-year education is the requirement of time // <http://bilimdiler.kz/ustaz>
- 5 Bulakbayeva M. Talent: diagnosis and social values / monograph. – Almaty, 2015.